

## 2014 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 желтоқсандағы № 531 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қаңтарда № 4421 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. 2014 жылға халықтың нысаналы топтарының тізбесі анықталсын:
  - 1) та бы сы аз адамдар ;
  - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
  - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
  - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата - ана л а р ;
  - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар а з а м а т т а р ;
  - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) ;
  - 7) мүгедектер ;
  - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар ;
  - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан б о с а т ы л ғ а н адамдар ;
  - 10) о р а л м а н д а р ;
  - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер ;
  - 12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар ;
  - 13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар ;
  - 14) ұзақ уақыт жұмыс істемейтін азаматтар (он екі айдан көп) ;
  - 15) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіптік оқуды бітірген жұмыссыздар ;
  - 16) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар ;

17) елу жастан асқан жұмыссыз азаматтар.

2. "Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды қарастырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Д. Ормановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*М е ң д і қ а р а*

*ауданының әкімі*

*С. Жақаев*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Меңдіқара ауданының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
б а с ш ы с ы*

*В. Гребенюк*